

FTAMP 16.01.45

<https://doi.org/10.26577/EJPh2025199310>**А.А. Қаршығаева***, **Н.Ж. Егизбаева**, **Н.Б. Оспанғазиева**

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: kar_ainur@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫНДАҒЫ ТАЙЫР ЖАРОКОВ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ПРОСОДИКАЛЫҚ ТАЛДАНЫМЫ

Мақалада қазақ тілі ұлттық корпусының «заманауи-поэтикалық ішкорпус» базасы бөлігіне енгізілген поэтикалық мәтіндер просодикасының ерекшелігі талданады. Қазіргі таңда корпус базасына қазақ ақындарының өлеңдері мен поэмалары жинақталып, оның просодикалық белгіленімі қойылып, әр ақын өлеңдерінің ерекшеліктері айқындалып, метабелгіленім жасалды. Поэтикалық ішкорпус негізінде ақын өлеңдерінің ырғақтық-интонациялық құрылымы, буындық-әуездік жүйесі және бунақтық екпін үлгілері зерттелді. Өлең мәтінінің просодикалық ерекшелігі талданып, олардың поэтикалық экспрессивтілікке ықпалы анықталды. «Заманауи-поэтикалық ішкорпустың» мақсаты – жұртшылыққа қазақ ақындарының шығармаларын және оның просодикалық ерекшелігін көрсету. Осы тұрғыдан ішкорпус базасына енген өлеңдердің бунағы арнайы шартты белгілермен көрсетіліп, оның просодикалық жағынан әуенінің ерекшелігі көрсетіледі және өлең мәтінінің орфоэпиясы да беріледі. Мақала нысаны ретінде қазақтың көрнекті ақыны Тайыр Жароков өлеңдері алынды, оның «заманауи-поэтикалық ішкорпустағы» просодикалық ерекшелігі талданып көрсетілді. Мақалада ішкорпустың осы ерекшелігіне баса назар аударылып, Тайыр Жароков өлеңінің орфоэпиялық транскрипциясы сараланады. Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасын сақтаудағы аталған ішкорпустың қызметі, қоғамдағы маңыздылығы сипатталады. Поэтикалық шығармалардың мазмұны, көтерген тақырыбымен қатар олардың просодикалық үндесімі де аса маңызды екендігі дәлелденеді. Бұл ішкорпус – ұлттық поэзияның табиғи интонациясы мен көркемдік құрылымын сақтау арқылы болашақ ұрпаққа көркем мәтінді сауатты жеткізуге мүмкіндік беретін маңызды ғылыми-әдістемелік құрал болып табылады.

Түйін сөздер: просодика, супрасегмент, орфография, орфоэпия, интонация, синтагма, метабелгіленім.

A.A. Karshigayeva*, N.J. Egizbayeva, N.B. Ospangaziyeva

A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: kar_ainur@mail.ru

Prosodic Analysis of T. Zharokov's Poems in the National Corpus of the Kazakh Language

The article analyzes the prosodic features of poetic texts included in the «modern poetic subcorpus» section of the National Corpus of the Kazakh Language. To date, poems and poetic works by Kazakh poets have been collected into the corpus database, marked with prosodic annotations, with each poet's stylistic features identified and metatagged. Based on this poetic subcorpus, the rhythmic and intonational structures, syllabic-melodic systems, and phrase stress patterns of poems have been studied. The prosodic characteristics of poetic texts have been examined to determine their influence on poetic expressiveness. The aim of the “modern poetic subcorpus” is to present the works of Kazakh poets and highlight their prosodic features to a wide audience. In this context, the syntagms (bunaq) of the poems included in the subcorpus are marked with special symbols indicating melodic patterns and accompanied by the orphoeic (phonetic pronunciation) transcription of the text. The subject of the article is the poetry of the prominent Kazakh poet Tair Zharokov, whose works' prosodic features within the poetic subcorpus are thoroughly analyzed. Special attention is given to the orphoeic transcription of his verses. The paper outlines the role and societal significance of this subcorpus in preserving the orphoeic norms of the Kazakh language. Alongside thematic content and the issues raised in the poetry, the importance of prosodic harmony in poetic structure is substantiated. This poetic subcorpus is positioned as a vital scientific and methodological tool that helps preserve the natural intonation and artistic structure of national poetry and enables the competent transmission of poetic texts to future generations.

Keywords: prosody, suprasegmental, orthography, orthoepy, intonation, syntagma, meta-annotation.

А.А. Каршигаева*, Н.Ж. Егизбаева, Н.Б. Оспангазиева
Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы, Алматы, Казахстан
*e-mail: kar_ainur@mail.ru

Просодический анализ стихов Тайыра Жарокова в национальном корпусе казахского языка

В статье рассматриваются просодические особенности поэтических текстов, включённых в раздел «современный поэтический подкорпус» Национального корпуса казахского языка. На сегодняшний день в базу корпуса собраны стихи и поэмы казахских поэтов, к которым добавлена просодическая разметка, выявлены особенности поэтики каждого автора и выполнена метаразметка. На основе поэтического подкорпуса исследованы ритмоинтонационная структура стихов, слоگو-звуковая система и модели фразового ударения. Просодические особенности стихотворного текста были проанализированы с целью выявления их влияния на поэтическую экспрессивность. Цель «современного поэтического подкорпуса» – представить широкой аудитории произведения казахских поэтов с просодической спецификой. В этом контексте бунақ (синтагма) стихов, включённых в базу подкорпуса, отмечается специальными условными знаками, отражающими особенности мелодики текста, а также приводится орфоэпия поэтического произведения. Объектом анализа в статье стали стихи видного казахского поэта Тайыра Жарокова, просодические особенности его произведений в составе поэтического подкорпуса были подробно рассмотрены. Особое внимание уделено орфоэпической транскрипции стихов поэта. Описывается роль данного подкорпуса в соблюдении орфоэпических норм казахского языка и его значение в общественном контексте. Наряду с тематическим содержанием и идеями, доказана высокая значимость просодической согласованности в структуре поэтического текста. Данный поэтический подкорпус представляет собой важный научно-методический инструмент, способствующий сохранению природной интонации и художественной структуры национальной поэзии и обеспечивающий грамотную передачу поэтических текстов будущим поколениям.

Ключевые слова: просодика, супрасегмент, орфография, орфоэпия, интонация, синтагма, метаразметка.

Кіріспе

Әдеби шығармалардың көркемдік мәнін ашуда қазақ поэзиясындағы просодика ерекше маңызға ие. Кез келген поэтикалық шығарманы (дауыстап немесе іштей) белгілі бір ырғақпен оқитынымыз түсінікті. Өлең жолдарын ырғаққа түсіріп тұрған элементтерге бунақ, бунақтағы буын саны, әр тармақ пен шумақтағы өзара үксас дыбыстардың жүйелі түрде қайталануы, бунақ ішіндегі дыбыстардың өзара үндесіп, әуезділікпен дыбысталуы, әр тармақтағы сөз мағынасына қарай дауыстың эмоционалды өзгеруі, жоғарылауы, бәсеңдеуі жатады. Осы аталған элементтер жинақтала келе поэтикалық мәтіндердің просодикасын құрайды.

Поэтикалық шығармалардағы көтерілген тақырып, айтылатын идея, сөздің мағынасымен қатар оның просодикалық белгілерінің де үндесіп, үйлесіп тұруы маңызды. Өлең просодикалық жағынан үйлесіп, ырғаққа түсіп, ұйқасы ұтымды құрылса оқырманның жүрегіне жол табуы сөзсіз. Ақындар шығармаларын «заманауи поэтикалық ішкорпусқа» енгізгенде өлеңнің осы просодикалық қасиетін ашып көрсетуге назар аударылды.

Просодика сөйлеудің фонетикалық супрасегменттік сипатының жалпы атауы, сөйлеу сегменттерін ажырату не біріктіру (тонды жоғарылату не төмендету, екпін қою, кідіріс жасау, қарқынды өзгерту) сияқты сөйлеуге қажетті супрасегменттік құралдардың атауы. Поэтикалық шығармаларды оқу барысындағы *сөйлеу әуезі, екпін, тембр (әуен), ритм, сөз тонының* қолданылуы интонацияның компоненттері екені белгілі, осыдан просодиканың ауқымы интонациядан кең, жоғары екенін түсінеміз. Бұл туралы зерттеуші Д. Қарағойшиева: «Интонация әртекті просодикалық құбылыстардың (интонаема) жиынтығы ретінде қарастырылады, сондықтан әрбір параметрдің өзіндік бірліктері мен анықтамалары бар (тонаема, хронема, акцент және т.б.), ал тон, темп, қарқын, ырғақ құрылымдары просодикалық құбылыстарға жатқызылады» деп тұжырымдайды (Karagoishieva, 2016: 149). Просодикада әуеннің өзгерісімен қатар дыбыстардың қызметі, үндесуі, өлеңнің құрылысы, буын, бунақ санының үйлесуі қамтылады. Просодика – сөз өнерінің ажырамас бөлігі. Өлеңді ырғаққа дұрыс салып оқығанда ғана оның мән-мағынасы, эстетикалық әсері арта түседі.

Қазақ тілінің просодикасы үндестік заңына негізделеді. Көпшілік алдында сөйлегенде, өлең оқығанда, ән салғанда үндесім заңдылығының, оның ішінде ерін үндестігі мен ықпал заңдарының сақталуы сөздің құлаққа жағымды, әуезді болып жетуіне тікелей әсер етеді. Бұл – тіліміздің ғасырлар бойы қалыптасқан табиғаты. Сөздің мәдениеті, сөздің эстетикалық тұрғыдан айтылуының негізінде де осы тілдің таза табиғаты жатыр.

Жазбаша қарым-қатынастың қарқындап дамуы барысында, сөзді, мәтінді жазылуына жуық дыбыстау әдетке айналып, орфоэпиялық норманың өрескел бұзылуы белең алып келеді. Бұл құбылыстың тіліміздің заңдылығын бұзып, сөздің дұрыс айтылуын сақтамауға әкелуі даусыз. Қоғамымызда осы мәселенің шешімі болатын тетіктер жүзеге асырылуы тиіс деп есептейміз. Осы орайда «Қазақ тілі ұлттық корпусының» базасында құрылған «заманауи-поэтикалық ішкорпусты» атауға болады. «Заманауи-поэтикалық ішкорпуста» өлеңнің метабелгіленімі, поэтикалық мәтіндердің орфографиялық нормаға сай жазылуы, просодикалық, яғни интонациялық жағынан өзгешеліктері, орфоэпиялық нормаға сай дұрыс оқылуы негізге алынған. «Заманауи-поэтикалық ішкорпуста» өлеңнің жазылуы мен айтылуы арасындағы айырмашылық, мәтіннің толық транскрипциясы беріледі. Сонымен қатар өлеңнің дұрыс оқылуының да жазбасы жазылған. Қазақ тіліндегі өлеңнің ырғағы, орфоэпиялық нормаға сай дұрыс оқылуын көргісі келетін адамға өте жақсы көрнекілік болып саналады. Қазақ тілінде ән айтатын әншілердің де әннің сөзін үндесім, үйлесім заңдылығын сақтамай айтатынын көп кездестіреміз, оларды көбіне тыңдайтын жастар, сондықтан жастардың тіл мәдениетін қалыптастыруда кері әсері болуы мүмкін. Осы орайда да «заманауи-поэтикалық ішкорпустағы» өлең просодикасы ерекшеліктерінің көрсетілуі өзекті деп есептейміз.

«Заманауи-поэтикалық ішкорпуста» танымал ақындар өлеңдерінің орфографиялық нормаға сай жазылуы, орфоэпиялық нормаға сай дыбысталуы өрнектеліп, орфоэпиялық транскрипциясы беріліп, просодикасы көрсетіледі, оларды эксперименттік әдістер арқылы зерттеу негізге алынады. Қазіргі таңда зиялы қауым өкілдерінің тіліндегі просодикалық және орфоэпиялық ерекшеліктерін анықтау, дауысын жазып, көпшілікке ұсыну қажеттігі тіліміздің табиғатын сақтау жолындағы үлгі ретінде ұсынылады.

Қазіргі кезде қазақ тіл білімінде ...орфоэпия және просодика тұрғысынан эксперименттік әдістер арқылы зерттеу кенже қалып отыр (Аманбаева, 2019: 79). Өлең просодикасының дұрыс дыбысталуы тыңдаушылардың қабылдауына әсер етіп, жағымды эмоциялар туындайды. Просодика шығарманың оқырманға әсерлі жетуіне ықпал етіп, ақпаратты жеңіл қабылдауға жол ашады. Ол көркем әдебиеттен бастап, актерлік өнер мен бұқаралық ақпарат құралдарына дейінгі түрлі салаларда маңызды рөл атқарады. Дұрыс қолданылған просодикалық тәсілдер мәтінді мәнерлі, ырғақты әрі шынайы етіп жеткізуге көмектеседі.

Материалдар және әдістер

Көркем шығарманы (көркем мәтінді) талдау және қай бағытта талдау – лингвистикалық поэтикада аса маңызды (Момынова, 2023: 104).

Зерттеу барысында мәтіндердің ырғақтық-интонациялық жүйесі, буындық құрылымы, екпіннің орналасуы және орфоэпиялық нормаларға сәйкестігі сараланды.

Бұл зерттеудің нысаны ретінде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Тайыр Жароковтың поэтикалық шығармалары алынды. «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» базасындағы «заманауи-поэтикалық ішкорпусқа» енгізілген Т. Жароков өлеңдері арнайы таңдалып алынып, олардың просодикалық ерекшеліктері талдау нысанына айналды. Осы мақсатқа жету үшін төмендегі әдістер қолданылды.

Лингвистикалық сипаттама әдісі – ақын шығармаларындағы просодикалық бірліктерді сипаттап, олардың мәтін ішіндегі қызметін анықтау үшін қолданылды.

Квантитативтік (сандық) талдау әдісі – өлең құрылымындағы ырғақтық, екпіндік заңдылықтарды статистикалық деректер негізінде зерделеуге мүмкіндік берді.

Интонациялық-фонетикалық әдіс – өлең жолдарындағы әуезділік, буындардың, дыбыстардың үндесу заңдылықтарын қарастыру үшін пайдаланылды.

Корпустық талдау әдісі – «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» аясында «Заманауи-поэтикалық ішкорпус» базасын құру арқылы ақын шығармаларының тілдік және құрылымдық ерекшеліктерін жүйелеуге бағытталды.

Эксперименттік зерттеу әдісі – PRAAT бағдарламасы арқылы өлеңнің просодикалық ерекшеліктеріне талдау жасалды.

Сонымен қатар ақын өлеңдерінің фонетикалық-ритмдік ерекшеліктерін нақтылау мақсатында заманауи поэтикалық корпусық мәліметтер негізінде сандық талдау жүргізілді. Бұл зерттеуде қазақ поэзиясының дәстүрлі құрылымдық ерекшеліктері мен Тайыр Жароков поэтикасының өзіндік белгілерін айқындауға баса мән берілді.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі қазақ тіл білімінде «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» жобасы алғаш рет профессор А. Жұбановтың бастамасымен жүзеге асырылып, оның ішкі корпусы біртіндеп толықтырылып келеді. Осыған байланысты корпус құрамында қазақ поэзиясының мәтіндеріндегі просодикалық ерекшеліктерді айқындайтын «заманауи-поэтикалық ішкорпус» құру қажеттілігі туындады. Себебі қазақ ақындарының өлеңдерінің ырғақтық-әуездік сипаттарын анықтау және оны кеңінен насихаттау маңызды.

Мәтіндер корпусы – тілдердегі әртүрлі стильдегі жазба мәтіндердің электронды түрдегі жиынтығы ғана емес, ол тіл деңгейлеріне қатысты тілдік талдауларды автоматты түрде талдап көрсететін компьютерлік бағдарламаға негізделген заманауи тілдік құрал (Жанабекова, 2019).

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, поэтикалық ішкі корпустар бірнеше тілде қалыптасқан әрі тиімді жұмыс істеп келеді. Атап айтқанда, ағылшын, чех, орыс, башқұрт тілдерінің поэтикалық корпус жүйелері қолданыста бар. Соның ішінде ағылшын тілінің поэтикалық корпусында (Gutenberg English Poetry Corpus) 3 миллионға жуық өлең жолдары қамтылған. Ал 2013 жылдан бастап башқұрт тілінің поэтикалық корпусы алғашында 101 ақынның 17 000 өлеңін жинақтаса, қазіргі уақытта бұл көрсеткіш 1,8 миллион сөзқолданысқа жеткен. Онда XX-XXI ғасырлардағы башқұрт ақындарының шығармалары қамтылған. Барлық мәтіндер поэтикалық және морфологиялық белгілермен таңбаланған, яғни қолданушылар мәтіндерді лингвистикалық және поэтикалық параметрлер бойынша іздей алады. Келесі поэтикалық корпусың бірі Johannes V. Jensen Corpus – дат жазушысы Йоханнес Йенсеннің жинақтаған шығармалары негізінде жасалған поэтикалық корпус (Clarín-DK). 1 760 093 сөзқолданыстан, 8 489 беттен тұратын деректі қамтиды. Corpus of Finnish Literary Classics – бұл корпус 1880-1930 жылдар аралығындағы танымал фин

жазушыларының шығармаларының жиынтығы (Finnish Corpus). Онда әртүрлі проза түрлері мен пьесалар, сондай-ақ өлеңдер мен афоризмдер бар. Корпус базасында 1 456 658 сөзқолданыс бар.

Қазақ тіл білімінде поэтикалық ішкі корпус «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» аясында жаңадан құрылып, поэзиялық шығармалар жинақталуда. Сонымен қатар поэзиялық шығармалардың просодикасы мен орфоэпиялық транскрипциясы талданып көрсетіледі.

Қазақ тіл білімі мен әдебиеті саласында поэзия теориясына қатысты алғашқы ғылыми тұжырымдар А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алған. А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде өлең құрылымымен қатар ондағы ырғақ, сөз әуезі мәселесі жан-жақты талданады. «Өлең ырғағы жорға жүрісінің айналуы, теңселуі сияқты екінші өңді ырғақ болады. Бұл ырғақ сөйлемдердің ішіндегі буын санының бірдейлігімен, кестелерінің реттілігімен, сөздердің әуездес ұқсастығымен келеді» (Байтұрсынов, 1992: 189) деп ырғақтың туындау себебін көрсетеді. Ырғақты құрайтын бунақ, бунақ – өлеңді оқығанда сезілетін «дауыс толқынының соқпа-соқпа арасы» (Байтұрсынов, 1992: 189) екендігін нақты талдап көрсетеді. Қазақ өлеңдерінің буын санына негізделетіні белгілі, әр тармақтағы бунақ саны, бунақтағы буын саны бірдей болып келгенде, өлең ырғаққа түседі.

Академик З. Ахметов өзінің «Өлең сөздің теориясы» атты еңбегінде поэзияның құрылымына тән негізгі ерекшеліктерді кеңінен талдайды. Ғалым бұл еңбегінде өлеңнің адамға әсері ішкі мазмұнымен, бейнелілігімен ғана емес, айтылу қалпы, әсем үнділігімен де болатынын атап өтеді. Қазақ өлеңдерінің шумаққа топтасуы синтаксистік және интонациялық ерекшеліктеріне байланысты болатындығын (Ахметов, 1973: 125), қазақ өлеңдерінің тірегі буын болғандықтан силлабикалық жүйеге жататындығын талдап көрсетеді. З. Ахметов қазақ өлеңдерінің просодикалық ерекшеліктерін орыс тілімен салыстыра зерттеп, екпіннің қазақ өлеңдерінде аса күшті рөл атқармайтындығын, қазақ өлең жүйесінің бітімі өзгеше екендігін, ырғақ пен бунақтың буынға негізделетінін, ол тілдің дыбыстық құрылысы мен табиғатына байланысты туындап жататындығын (Ахметов, 1973: 133) пайымдайды. Қазақ поэзиясындағы өлең өлшемдері бойынша тармақтардағы буын саны 7-8 буынды, 11 буынды болып, тілдің өзіне тән серпінділігімен, сөз бен сөзді шебер қиюластырып, байланыстырғанда

туындайтын үндесімділіктің болатындығын саралайды.

Ғалым З.М. Базарбаеваның «Интонология» атты зерттеуінде поэтикалық мәтіндердің сипаты, ондағы буын мен бунақ мәселелері сараланып, олардың просодикалық ерекшеліктері талданады. З.М. Базарбаева өлеңдерді буын санына қарай жіктеп, 7-8, 11 буынды өлеңдердің, жыр-толғаулардың синтаксистік ерекшеліктерін талдап көрсетеді. 11 буынды өлеңдерде тармақтар үш синтагмаға бөлініп, кідіріс арқылы жіктеліп, ырғаққа түсіп, ұйқас түріне қарай шумақтың бастапқы үш сөйлемінде дауыс көтеріңкі күйде қалып, яғни дауыс арқылы ойдың аяқталмай тұрғанын білдіретін тиянақсыз интонамамен сипатталады да, соңғы тармақта дауыс бәсеңдеп, тиянақталып, тиянақты интонамамен аяқтала-тынын әр түрлі өлеңдерді талдау арқылы көрсетеді. З.М. Базарбаеваның талдаулары арқылы өлеңнің тек мағынасы, келісті ұйқасы ғана емес, просодикасының да рөлі жоғары екендігіне көз жеткіземіз (Базарбаева, 2022: 309; 2022а: 40).

«Заманауи-поэтикалық ішкорпуса» өлеңнің просодикасы толық қамтылатындықтан, орфоэпиялық транскрипциясы арқылы оқылуындағы ерекшелікті танымыз. Ғалым Н. Уәли «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» еңбегінде: «Жазғанды оқу дегеніміз – жазба кодтан ауызша кодқа көшіру. Дыбысталған сөз бен қағазға түскен сөздің жүйесі дәлме-дәл сәйкес келмейді. Жазу-сызу тарихында ауызша таңбалар мен жазба таңбалардың өзара тепе-тең түскен жүйесі болған емес. Тіпті ондай жазба жүйесінің қажеті жоқ, өйткені ауызша сөздің небір физикалық, математикалық элементтері «қағаз сыртында» қалып қояды да, жазуда мағынаға қызмет ететіндері ғана ескеріледі» (Уәли, 2007) – деп көрсетеді. Осы тұжырымнан «заманауи-поэтикалық ішкорпуса» өлең мәтінінің жазба нұсқасы мен орфоэпиялық транскрипциясының берілуі дыбысталған сөз жүйесінің ерекшелігін көрсететінін пайымдаймыз.

Фонетикалық зерттеулерде дәлірек ритмдік талдау жасау мақсатында екпінді буындарды қолмен белгілеу тиімді тәсілдердің бірі болып саналады. Қазақ тілінде екпін, негізінен, сөздің соңғы буынына түсетіні белгілі, дегенмен поэтикалық мәтіндерде бұл заңдылық кейде өзгеріске ұшырап, автор өлең құрылымының үлгісіне қарай екпін орнын ауыстыруы мүмкін (Аязбекова, 2024: 38).

Ғылыми әдебиет көбінесе абстрактылы жағдайлар, үдерістер мен нысандарды сипаттауға

бағытталса, көркем проза нақты адамдардың әрекеттері мен олардың дара сипаттамаларын беруге бейімделеді. Бұл ерекшеліктер сөз таптарының, әсіресе зат есімдер мен етістіктердің әртүрлі регистрлерде (ғылыми мәтін, көркем проза, ауызша тіл) қолданылу жиілігінде айқын байқалады. Зерттеушілер автор стилін сипаттау барысында осы сөз таптарының салыстырмалы қолдану жиіліктеріне жүгінеді. Мұндай сандық талдаулар, ұлттық корпусарды негізге ала отырып жүргізілген зерттеулерге сәйкес, әр регистрдегі тілдік бірліктердің айырмашылықтарын көрсетуге мүмкіндік береді (Pirmanova, 2022: 91).

Нәтижелер және талқылау

Поэтикалық шығармалардағы көтерілген тақырып, айтылатын идея, сөздің мағынасымен қатар оның просодикалық белгілерінің де үндесіп, үйлесіп тұруы маңызды. Өлең просодикалық жағынан үйлесіп, ырғаққа түсіп, ұйқасы ұтымды құрылса оқырманның жүрегіне жол табуы сөзсіз. Ақындар шығармаларын «заманауи-поэтикалық ішкорпусқа» енгізгенде өлеңнің осы просодикалық қасиетін ашып көрсетуге назар аударылды.

Осы бағытта жүргізілген эксперименттік зерттеу үшін нысан ретінде «заманауи поэтикалық ішкорпусқа» енгізілген Тайыр Жароковтың поэтикалық мәтіндерінен алынған үзінді пайдаланылды. «Заманауи поэтикалық ішкорпусқа» Тайыр Жароковтың өлеңдеріндегі 50 мың сөз-қолданысы енгізілді, содан мысал ретінде бір өлеңінің берілуі осы мақалаға мысал ретінде алынды. Поэтикалық корпусқа енгізу барысында поэзиялық шығармалардың құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерін сақтау үшін метабелгіленім қолданылады. Метабелгіленім – корпус ішіндегі шығармаларды жан-жақты сипаттайтын ақпарат жүйесі. Бұл ақпарат белгілі бір мәтіннің авторы, тақырыбы, жанры, формасы, стильдік ерекшеліктері, дыбыстық құрылымы, таралу формасы, мақсатты аудиториясы және өзге де сипаттамалары жөнінде мағлұмат береді. Мысалы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеп жатқан Қазақ тілінің ұлттық корпусының «Заманауи поэзия» ішкі корпусы осы бағыттағы жүйелі жұмыстардың бірі болып табылады. Аталған ішкі корпус шеңберінде әрбір поэзиялық шығарма немесе авторлық мәтінге қатысты толық әрі нақты сипаттамалар ұсынылады. Бұл сипаттамалар метабелгіленім

түрінде беріледі. Метабелгіленім – шығарманың мазмұндық, тілдік және құрылымдық қырларын толық ашатын маңызды құрал. Ол арқылы шығарманың «паспорты» жасалып, зерттеуші, оқырман немесе өзге де қолданушылар үшін шығарманың барынша толық сипаттамасы ұсынылады. Мұндай тәсіл поэзиялық мәтіндерді жүйелеуге, талдауға және оларды ғылыми мақсатта тиімді пайдалануға, мәтіннің авторы, жанры, графикалық ерекшеліктері, поэтикалық құрылымы, аудиториясы және таралым көзі туралы мәліметтерді жүйелеуге мүмкіндік береді.

Мәтіннің авторы туралы бөлімде оның аты-жөні, жынысы, туған жылы мен туған жері беріледі. Сонымен қатар егер мәтін аудиоформатта өңделсе, оны оқыған тұлғаның аты-жөні көрсетіледі.

Мәтіннің шығу деректеріне оның атауы, алғашқы жарияланым жылы және дереккөзі жазылады. Бұл ақпарат шығарманың түпнұсқалығын анықтау мен оның зерттеу контекстін белгілеу үшін маңызды. Жанрлық және графикалық ерекшеліктер бойынша мәтіннің өлең, баллада, поэма, арнау және т.б. сияқты түрлері көрсетіледі. Поэтикалық құрылымдық сипаттамаларға мәтіннің *шумақ*, *тармақ*, *бунақ* және *буын саны*, сондай-ақ *ұйқас түрі* кіреді. Ұйқас жүйесі бойынша:

- 1) қара өлең ұйқасы (а а б а)
- 2) шұбыртпалы ұйқас (а а а а)
- 3) ерікті ұйқас (а б в г б)
- 4) кезекті ұйқас (а б в б)
- 5) шалыс ұйқас (а б а б)
- 6) егіз ұйқас (а а б б)
- 7) аралас ұйқас (а а б в б в б б)
- 8) ерікті ұйқас (а б а б в г д) болып бөлінеді.

Қандай аудиторияға арналатындығы жас ерекшелігі бойынша: мектепке дейінгі жас (1-6 жас); бастауыш мектеп (6-10 жас); жасөспірімдер (11-18 жас); жастар (18-34 жас); бейтарап (аудиториясы «бейтарап» болып келеді) санаттарына бөлінеді. Қосымша ақпарат ретінде мәтіннің таралым түрі (кітап немесе интернет-ресурс), белгілеушінің аты-жөні және корпуста енгізілген уақыты көрсетіледі. Бұл метабелгіленім поэтикалық мәтіндерді жүйелеуге, олардың құрылымын стандарттауға және жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін маңызды құрал.

Тайыр Жароков шығармаларынан «Абай көшесі» атты өлеңінің «заманауи-поэтикалық ішкорпустағы» метабелгіленімі (метаразметка) 1-кестеде беріліп отыр.

1-кесте – Тайыр Жароковтың «Абай көшесі» өлеңінің метабелгіленімі

Авторы	Тайыр Жароков
Жынысы	ер
Туған жылы	1908
Туған жері	Батыс Қазақстан облысы
Мәтінді оқыған	Сейтбатқал Әрлен
Мәтіннің аты	Абай көшесі
Мәтіннің алғашқы жарияланым	1961
Мәтін дереккөзі	Тайыр Жароков. Өлеңдер жинағы. 1 кітап. – Алматы, 1960. – 408 б. (Жароков, 1960)
Мәтін жанры	өлең
Мәтіннің формасы	жазба ауызша
Жазба мәтін графикасы	кирил жазуы
Стилі	көркем әдебиет
Мәтін тақырыбы	Абай туралы
Таралым типі	кітап
Шумақ саны	6 шумақты
Тармақ саны	4 тармақты
Бунақ саны	3 бунақты
Буын саны	11 буынды
Ұйқас түрі	қара өлең ұйқасы (а а б а)
Аудитория жасы	бейтарап
Субкорпус	поэтикалық мәтіндер
Қолданылған сөздер саны	114
Мәтін көзі	интернет-ресурс
Белгілеуші	А.Қаршығаева
Корпуста кіру уақыты	12.02.2025

«Заманауи-поэтикалық ішкорпуста» енгізу барысында Тайыр Жароковтың «Абай көшесі» өлеңі орфографиялық нормаға сәйкес жазылып, оның просодикалық, яғни интонациялық ерекшеліктері мен орфоэпиялық нормаға сай транскрипциясы салыстырылып, бір кестеге жинақталды. Интонациялық белгілер аудиторлық зерттеу нәтижесінде анықталды. Аудиторлық талдауда келесі көрсеткіштер ескерілді: бас әріппен жазылған сөздердің кіші әріпке өзгертілуі, сөйлеу кезіндегі синтагмалардың арасы тік сызықпен (/), фраза ішіндегі кідірістер көлбеу сызықпен (–) белгіленді. Негізгі тон жиілігінің (әуен) қозғалысы бес бағытта белгіленеді: көтеріңкі ↑, бәсең ↓, бәсең-көтеріңкі ↓↑, көтеріңкі-бәсең

↑↓. Сонымен қатар сегменттердің айтылу жылдамдығы – баяу, орташа және жылдам қарқынмен сипатталды.

2-кесте – Мәтін өңдеу кезіндегі пунктуациялық өзгерістер

Алғашында	Өзгеріске ұшырағанда
Бас әріп	Кіші әріпке ауысады.
-, «», (),	Алынып тасталады.
...	Көп нүктенің тек алғашқы нүктесі қалады.
, ;	↑//
. :	↓///
?, !	Интонацияға қарай үтір немесе нүктеге байланысты қойылады.
/	Синтагма

Бұл кесте мәтінді өңдеу барысында орын алатын пунктуациялық, графикалық және өзгерістерді көрсетеді. Осы белгілер арқылы мәтінді біріздендіріп, просодикалық белгілері көрсетіледі. Поэтикалық ішкорпустағы мәтіндердегі просодикалық элементтер ауызша сөйлеуде тыныс белгілерінің қызметін атқаратынын дәлелдейді. Просодикалық құралдардың семантика және синтаксиспен тығыз байланыста болатынын ескерсек, олардың ауызша тілде тыныс белгілерін білдірудегі маңызы ерекше. Ауызша сөйлеудің жазбаша нұсқасымен толықтай сәйкес келетін баламасы жоқ екенін ескеру қажет. Тыныс белгілерінің басты қызметі – мәтіндегі сөйлемдер мен олардың бөліктерінің шекарасын анықтап, олардың арасындағы мағыналық байланысты реттеу.

3-кесте – Қазақ тілінің поэтикалық просодикасы

Орфография	Просодикалық талдау	Орфоэпия
Абай көшесі	абай көшесі	абай көшесі
Мен тұрамын көшесінде Абайдың, Абайдың сом мүсіні сол Алаңның Төрінде тұр, тауға көзін төңкеріп, Тастан құйған тұлғасына қараймын...	мен тұрамын / көшесінде / абайдың ↑// абайдың / сом мүсіні / сол алаңның ↑// төрінде тұр / тауға көзін / төңкеріп ↑// тастан құйған / тұлғасына / қараймын ↓//	мен тұрамын / көшесінде / абайдың ↑// абайдың / сом мүсінү / сол алаңның ↑// төрүнде тұр / тауға / гөзүн / төңкөрүп ↑// тастан құйған / тұлғасына / қараймын ↓//
Мен қарасам, маған бейне бұрылып, Тастан құйған тұлғасынан тіріліп Қарағандай, қаршыға ойы ауадан Қаржып алып тұрғандайын жыр іліп...	мен қарасам / маған бейне / бұрылып ↑// тастан құйған / тұлғасынан / тіріліп ↑// қарағандай / қаршыға ойы / ауадан ↑// қаржып алып / тұрғандайын / жыр іліп ↓//	мен қарасам / маған бейне / бұрүлүп ↑// тастан құйған / тұлғасынан / тіріліп ↑// қарағандай / қаршыға ойү / ауадан ↑// қаржыб алып / тұрғандайын / жыр іліп ↓//
«Биігінен шырқап ұшып Шыңғыстың Алатауға қонақтаған бір құспын!» Дегендей-ақ, қомдап елең қанатын, Шашып жарқын тұрғандай бір жырлы үшқын!	биігінен / шырқап ұшып / шыңғыстың ↑// алатауға / қонақтаған / бір құспын ↑// дегендей ақ / қомдап / елең қанатын ↑// шашып жарқын / тұрғандай бір / жырлы үшқын ↓//	бйігінен / шырқаб ұшүп / шыңғыстың ↑// алатауға / қонақтаған / бір құспүн ↑// дегендей ақ / қомдаб / елең қанатын ↑// шашыб жарқын / тұрғандай бір / жырл үшқүн ↓//
Қолында ұстап тас мұқаба дәптерін, Үшырғандай жырдың сұлу кептерін, Қазақшалап Татьяна хаттарын, Ойлағандай өмірдің сан өткелін...	қолында ұстап / тас мұқаба / дәптерін ↑// үшырғандай / жырдың / сұлу кептерін ↑// қазақшалап / татьяна / хаттарын ↑// ойлағандай / өмірдің / сан өткелін ↓//	қолүнд ұстап / тас мұқаба / дәптерін ↑// үшүрғандай / жырдың / сүлүу кептерін ↑// қазақшалап / татййана / хаттарын ↑// ойлағандай / өмүрдүң / сан өткөлүн ↓//
Тұғырында тұрып өлең ол бастап, Ақын атты аламанға ой тастап, Алға меңзеп тұрғандай бір үн қатып: Мен бастағам, ал жалға деп сен қостап!»	тұғырында / тұрып өлең / ол бастап ↑// ақын атты / аламанға / ой тастап ↑// алға меңзеп / тұрғандай бір / үн қатып ↑// мен бастағам / ал жалға деп / сен қостап ↓//	түгүрүнда / түрүп өлөн / ол бастап ↑// ақын атты / аламанға / ой тастап ↑// алға меңзеп / тұрғандай бір / үн қатып ↑// мен бастағам / ал жалға деп / сен қостап ↓//
Тебіrentкендей тұла бойды толқытып, Өлеңінің атылғандай оты тік! Абай өзін машық Мұқан, қолымен Том қып құйып, түр өлемге оқытып.	тебіrentкендей / тұла бойды / толқытып ↑// өлеңінің / атылғандай / оты тік ↑// абай өзін / машық мұқан / қолымен ↑// том қып құйып / түр өлемге / оқытып ↓//	тебіrentкендей / тұлa бойдү / толкүтүп ↑// өлөнүнүн / атылғандай / отү тік ↑// абай өзүн / машығмұқан / қолүмен ↑// том қып құйүп / түр өлемге / оқүтүп ↓//


Бірінші бағанда өлең шумақтары орфографиялық нормаға сай берілсе, екінші бағанда олардың просодикалық нормасы көрсетілген. Бұл талдау барысында өлеңнің айтылу ерекшелігіне сәйкес барлық бас әріппен жазылған сөздер мен жалқы есімдер кіші әріпке түрлендірілді. Одан бөлек ырғағына қарай бунақ арасына синтагма белгісі қойылады. / – белгісі арқылы өлең тармағы арасындағы кідіріс белгіленеді, әр бунақтың (синтагманың) арасына кіді-

дер мен жалқы есімдер кіші әріпке түрлендірілді. Одан бөлек ырғағына қарай бунақ арасына синтагма белгісі қойылады. / – белгісі арқылы өлең тармағы арасындағы кідіріс белгіленеді, әр бунақтың (синтагманың) арасына кіді-

ріс жасалып оқылғанда, өлең 11 буынды қара өлең ырғағына түседі. Өлеңнің әр тармағы үш ырғақтық топтан құралған синтагмаға сай келеді. Әуен ырғағы әртүрлі болғанымен, синтагмалар бірдей тоналды диапазонда жүзеге асып, негізінен орташа тон деңгейінде орындалады. ↑ – белгісі арқылы тармақ соңында дауыстың көтеріңкі күйде қалатынын, дауыс арқылы ойдың жалғасы барын білдіретін тиянақсыз интонама екенін көрсетеді. ↓ – белгісі сөйлемнің аяғында дауыстың бәсеңдеп барып тынатынын көрсетеді. Тайыр Жароковтың талданып отырған өлеңінің бірінші шумағының алғашқы үш тармағы төртінші тармақпен мағынасы жағынан бағыныңқы түрде байланысады. Олардың үшеуінің де соңы көтеріңкі дауыспен (тиянақсыз интонама) ерекшеленіп, шамалы кідіріспен бөлінеді, ал төртінші тармақта дауыс бәсеңдеп, көлемді кідіріспен бірінші шумақтың аяқталғанын білдіретіндей дауыс бәсеңдейді, бірақ өлең жалғасатын болғандықтан біржола тынбайды. Өлең жолдарындағы сөйлем мүшелері орнын ауыстырып, инверсиямен құрылған, сондықтан бірінші шумақтың тармақтарындағы алғашқы (/мен тұрамын/) және соңғы (/абайдың ↑/) бунақтарға өлең мазмұнына сәйкес ой екпіні түсіріліп, көтеріңкі дауыспен ерекшеленіп айтылады. Келесі тармақтарда солай қайталанады. Жалпы зерттеуге алынған осы өлеңнің мағынасы, Абайдың сом тұлғасы, оған жан біткендей сипатталуы, рухының күштілігі өлең интона-

циясының оқырманға күшті эмоциялық әсер қалдыруына септігін тигізеді. Үшінші бағанда өлеңнің орфоэпиялық нормаға сай транскрипциясы берілген. Кез келген мәтінге просодикалық талдау жасалғанда оның орфоэпиялық нормаға сай оқылуы, бунақ ішінде дыбыстардың фонетикалық заңдылық негізінде бір-біріне әсер етіп, бір-бірімен үндесіп айтылуы басты назарда болады. Сондықтан өлеңнің ырғақпен оқылуы буынға және бунаққа негізделетіндіктен дыбыстардың үндесуі де жүзеге асады. Өлеңнің просодикалық ерекшелігін талдауда орфоэпиялық нормаға сай транскрипциясы да қатар көрсетіледі. Орфоэпия просодиканың ажырамас бөлігі ретінде қатар жүретіні белгілі.

Тайыр Жароковтың «Абай көшесі» өлеңінің «заманауи-поэтикалық ішкорпуста» көрсетілген просодикалық ерекшеліктерін, яғни дауыстың көтерілу диапазонын анықтау бойынша жасалған талдаудың дұрыстығына көз жеткізу үшін фонетикалық анализ программасы Praat-ты қолданып, екі тармақтан бағдарламаға салып көрейік. Praat бағдарламасы арқылы қарқынды (интенсивтілік) анықтауға, дауыс толқынын бақылауға, спектрлік талдау жасауға, дыбыс ырғағын талдауға, буын, бунақ жігін талдауға, кідіріс, әуеннің жиілігін талдауға болады. 1-суретте Тайыр Жароковтың «Абай көшесі» өлеңінің алғашқы екі тармағының Praat бағдарламасындағы интонациялық ерекшелігі (интонограммасы) көрсетілген.




1-сурет – Тайыр Жароковтың «Абай көшесі» өлеңінің алғашқы екі тармағының интонограммасы

1-суретте Тайыр Жароковтың «Абай көшесі» өлеңінің интонограммасында әр бунақ біткен түс 1, 2, 3 сандарымен белгіленген, яғни әр тармақтардың үш бунаққа бөлінетінін көрсетіп тұр, бунақтардың арасында сәл кідіріс болатынын көк сызықтың (интонограмманың) үзілуінен көреміз:

мен тұрамын¹ /көшесінде² / абайдың³ ↑//
абайдың¹ / сом мүсүнү² / сол алаңның³ ↑//

Бірінші тармақтың аяқталған жерінде, тік қызыл сызық тұрған тұста үлкен кідірісті көреміз, яғни бунақтар мен тармақтар арасындағы кідірістің айырмашылығы бар. Тармақтан кейінгі кідіріс бунақтардың арасындағы кідіріске қарағанда біршама ұзақтау. Praat бағдарламасында дауыстың жоғарылауы немесе төмендеуі, хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді айтудағы дауыстың өзгеруі (әуен) Гц (герц) өлшемімен көрсетіледі. Гц (герц) Praat бағдарламасында дыбыстың жиілігін анықтау үшін қолданылатын өлшем бірлігі, бұл дыбысты тек есту емес, көруге және салыстыруға мүмкіндік береді. Дауыстың тербелу жиілігі сөйлеу ырғағы мен интонациясын құрайды. 1-суретте әр тармақтың аяғында 3 саны тұр, көк сызық төмендемей жоғары қарай көтерілген қалыпта үзілген, суреттің оң жағында әуеннің жиілігі герц (Гц, Hz) бірлігімен көрсетілген. Екі тармақ аяғындағы

әуеннің күші 224,9 Гц-ке тең болып тұр. Демек, өлеңнің бірінші және екінші тармағы оқылғанда дауыс бәсеңдемейді, өлеңнің ары қарай жалғасы бар екендігі әуен арқылы білінеді. Осы құбылыстың жүзеге асатындығына Praat бағдарламасы арқылы көз жеткіземіз. Интонограмманың астындағы бірінші жолдағы сандарға назар аударсақ, өлеңнің оқылу қарқындылығын көреміз. Сөйлеу қарқыны белгілі бір уақыт аралығындағы айтылатын буынның санына қарай анықталады, яғни сөйлеу жылдамдығын білдіреді. Мәселен, 1-суретте өлеңнің бірінші жолы 3,169371 миллисекундта оқылған болса, екінші жолдың оқылуы 3,439608 миллисекундқа созылған. Екі тармақтағы бунақтардың буын саны бірдей болғанымен, қарқында аз да болса айырмашылық бар екені көрінеді. Қарқын мен әуеннің өлеңді оқу барысында жылдамдап, баяулап, көтеріліп, бәсеңдеп тұруы оқырманға әсер ету, назарын аудару сияқты прагматикалық мақсатта іске асады. Бұл тәжірибеден өлеңді оқыған кездегі интонацияның компоненттері дауыстың(әуеннің) жоғарылауы, төмендеуі, кідіріс, қарқынның болатындығын суреттен көру арқылы анықтаймыз, өлшемдер арқылы оның күшін, жылдамдығын нақты өлшемдер арқылы білеміз. Өлең ырғағының әуен, кідіріс, қарқын арқылы құралатынын түсінеміз.



2-сурет – Тайыр Жароковтың «Абай көшесі» өлеңінің келесі екі тармағының интонограммасы

2-суретте аталған өлеңнің бірінші шумағының үшінші, төртінші тармақтарының Praat бағдарламасындағы интонограммасы көрсетілген:

төрүндө тұр / тауға гөзүн / төңкеріп ↑//
тастаң ғұйған / тұлғасына / қараймын ↓//

Мұнда да әр буақтың аяқталған тұсында 1,2,3 сандарымен буақтардың реті көрсетілген. Сандар тұрған тұста буақ арасындағы кідірісті көруге болады. Бірінші тармақ аяқталғанда көлемдірек кідіріс болғанын байқаймыз және соңғы тармақтың аяғындағы әуен жиілігі 167,8 Гц тең екенін көруге болады, яғни алдыңғы үш тармақ аяқталғанда дауыс күші 224 Гц көрсетсе, төртінші тармақ аяғында дауыс 167,8 Гц-ке дейін бәсеңдегеніне көз жеткіземіз. Осы тәжірибе негізінде әуеннің өзгеретіндігін, өлеңнің алғашқы тармақтарын оқығанда дауыстың көтеріңкі болып, өлең тармақтарының ары қарай жалғасатындығын білдіретіндігін, кідіріс арқылы ырғаққа түсетіндігін, соңғы тармақтың соңында дауыстың бәсеңдейтініне нақты өлшемдер арқылы көз жеткіземіз. Praat бағдарламасының

көмегімен өлеңнің просодикалық ерекшеліктері поэтикалық ішкорпуста өлеңнің оқылуына жуық белгіленгенін түсінеміз.

3-кестенің үшінші бағанында «Абай көшесі» өлеңінің орфоэпиялық нормаға сай транскрипциясы берілген. Өлеңнің транскрипциясын Қазақ тілінің ұлттық корпусының «құралдар» бөлігіндегі «орфоэпиялық конвертер» арқылы жасауға болады.

Орфоэпиялық конвертер құралын пайдаланып, просодикалық талдау жасалынған өлең жолдарын орфоэпиялық нормаға саламыз. Орфоэпиялық конвертер – қазақ тіліндегі мәтіндердің дұрыс оқылуын (орфоэпиясын) анықтауға арналған құрал. Кез келген мәтінді алып, конвертердің бірінші «ұяшығына» қойып, «талдау» батырмасын басқан соң, келесі «ұяшықтарға» мәтіннің дайын транскрипциясы шығады. Мәселен, келесі суретте орфоэпиялық конвертер Тайыр Жароков өлеңдерінің орфографиялық және орфоэпиялық формаларын салыстыруға мүмкіндік береді.

Бұл құрал мәтіндердің орфоэпиялық дыбысталуын анықтауға көмектеседі

ОРФОЭПИЯЛЫҚ КОНВЕРТЕР

мен тұрамын / көшесінде / абайдың ↑//
абайдың сом/ мүсіні сол/ аланның ↑//
төрінде тұр / тауға көзін / төңкеріп ↑//
тастан құйған / тұлғасына / қараймын ↓//

Талдау Тазалау

Орфоэпиялық транскрипция (дыбысталуы)

мен тұрамын / көшөсүнде / абайдың ↑//
абайдың сом/ мүсүнү сол/ аланның ↑//
төрүндө тұр / тауға ˘гөзүн / төңкеріп ↑//
тастаң ˘ғұйған / тұлғасына / қараймын ↓//

3-сурет – Қазақ тілінің ұлттық корпусы

Берілген суреттегі өлеңнің орфоэпиялық транскрипциясында бірінші буынында ерін дауыстылар келетін сөздердің бірыңғай еріндік

болып айтылатынын көреміз. Үшінші тармақтағы «тауға гөзүн» деген буақта сөз арасындағы дыбыстардың бейімдесуін (дауысты мен дауыс-

сыз), төртінші тармақтағы «тастаң ғұйған» деген бунақта сөз арасындағы дыбыстардың үйлесуін (дауыссыз бен дауыссыз) байқаймыз. Сонда бүкіл өлең бойында тұрған сөздердің барлығы бунақ ішінде бір сөз сияқты үндесіп, тармақ ішінде ырғаққа түсіп үйлесіп, шумақ ішінде ұйқаспен қиюласып, дауыс пен ой екпіні арқылы экспрессивті мәнге ие болып оқылады екен. Дыбыстардың өз тарихи орнында тұрып, бір-бірімен үндестік заңына сәйкес әдемі үндесуі, тілге жеңіл, құлаққа жағымды болуы тіліміздің тапжылмас табиғаты. Талдауға алынған өлеңнің екінші шумағына назар аударсақ:

мең ғарасам⁴ / мағам бейне⁴ / бүрүлүп³ ↑//
тастаң ғұйған / тұлғасынан / тіріліп ↑//
қарағандай / қаршығ⁵ ойұ / ауадан ↑//
қаржыб алып / тұрғандайын / жыр іліп ↓//

Өлеңнің әр тармағы үш бунаққа бөлінген, бірінші бунақта 4 буын, екінші бунақта 4 буын, үшінші бунақта 3 буын, келесі тармақтарда да солай, осы әр бунақтағы буын санының бірдейлігі өлеңнің ырғақпен оқылуына негіз болады. Әрбір буындық өлшем өлеңнің ырғақтық табиғатын қалыптастырып, интонация мен дыбыстық құрылымға айтарлықтай әсер етеді. Бұл ерекшелік өлеңнің тыңдалымдық қабылдауын жеңілдетіп, оның эстетикалық мәнін тереңдетеді. Синтаксистік құрылымы бойынша шумақтың алдыңғы үш тармағы соңғы тармаққа бағыныпқы түрде сабақтаса байланысады, сондықтан олар тиянақсыз интонемамен көтеріңкі дауыспен оқылады. Төртінші тармақ шумақтың соңы болғандықтан, инверсиямен құрастырылғанына қарамастан тармақтың соңында дауыс бәсеңдейді. Бірінші бунақтағы «мен қарасам» осы екі сөз бір бунақта «мең ғарасам» болып дыбысталады, сөз бен сөз арасында «нқ» дыбыстары қатар айтылмайды, мұндай дыбыстық тіркес қазақ тіліне тән емес, сондықтан тоғыспалы ықпалмен «нғ» болып үйлесіп айтылады. Бірінші тармақтың екінші бунағындағы «маған бейне» тіркесі «мағам бейне» болып бір сөз сияқты оқылады, қазақ тіліне «нб» дыбыстық тіркесі тән емес, мұндағы артикуляциялық жасалымы ерін болып келетін «б» дыбысы өзінің алдындағы «н» дыбысына ықпал етіп «мб» болып, екеуі де ерін дауыссыздары болғандықтан үйлесіп дыбысталады. Үшінші тармақтың екінші бунағы «қаршыға ойы» тіркесі, қазақ тілінде дауысты дыбыстар қатар айтылмайтындықтан, екі дауысты қатар келіп қалған жағдайда алдыңғысы элизияға ұшырап, айтылмайды да, бұл бунақ «қаршығ⁵ ойұ» болып төрт буынмен дыбысталады. Мұндағы буын санының кемуі

өлеңнің ырғағымен оқылуына ықпал етеді. Тармақтағы 11 буын сақталып тұрады. Міне, осылайша әр бунақ ішінде барлық дыбыстар өзара үндесім табады. Дыбыстардың үндесімі арқылы өлеңнің әуезділігі мен ырғақтық тартымдылығы артады. Өлеңдегі ұйқас түрі – қара өлең ұйқасы, ұйқас өлең құрылымында дыбыстардың эстетикалық тұрғыдан қайталанып, өлеңнің динамикасын құруға негіз болады.

Қорытынды

Қазақ тілінің ұлттық корпусы – қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық және статистикалық ерекшеліктерін қамтитын, электронды форматтағы ауқымды мәтіндер жиынтығы (Қазақ тілінің ұлттық корпусы). Ол тіл білімінің түрлі салаларында қолданылып қана қоймай, қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі орнын нығайтуға ықпал етеді. Корпустың әрі қарай дамуы қазақ тілін жаһандық ақпараттық жүйелерге интеграциялау және оның қолдану аясын кеңейту жолында үлкен маңызға ие. Оның ішкорпустарының бірі «заманауи-поэтикалық ішкорпус» базасы – поэтикалық мәтіндер туралы ақпарат алуға және поэтикалық мәтіндердің интонациялық ерекшелігін зерттейтін магистранттар, докторанттарға жалпы ғылыми зерттеумен айналысатын ізденушілерге арналған көмекші құрал. Аталған ішкорпус базасын электронды кітапхана ретінде де қолдануға болады, яғни сол базада жинақталған өлеңдерді алып, пайдалана алады. Корпус базасы алдағы уақыттарда тағы толығырақ түседі.

Қазіргі уақытта ағылшын, чех, орыс және башқұрт тілдерінің поэтикалық ішкорпустары қолданыста екені белгілі. Осы орайда қазақ тілінің де поэтикалық ішкорпусы тіліміздің байлығын, қорын жинақтауда оның өміршең болуына үлес қосары даусыз. Қазақ ақындарының өлеңдері – қазақ тілі байлығының аса зор қорының бөлігі, ал оның просодикалық ерекшелігін көрсету және оны көпшілікке таныту аса маңызды.

Тайыр Жароковтың поэтикалық шығармаларына жүргізілген талдау өлең просодикасы мен орфоэпиясының ерекшелігін түсінуге бағыт береді. Ақын өлеңдері құрылымдық жағынан дәстүрлі өлшемдерге негізделгенімен, ырғақтық-интонациялық ерекшеліктерімен дараланады. Өлеңдердегі просодикалық белгілер мазмұндық-композициялық құрылыммен тығыз байланыста болады. Просодикалық талдау барысында Тайыр Жароковтың шығармаларының эпикалық сипатқа ие, патриотизм мен еңбек тақырыбын

арқау етеді. Осы тақырыбына, көтеретін тақырыбына орай өлеңдері рухпен, көтеріңкі дауыспен оқылатыны байқалды. Ақын өлеңдерінде 11 буынды қара өлең ұйқастары (а а б а) мен шалыс ұйқастары (а б а б) кеңінен қолданылған. Сондай-ақ кейбір поэмаларында еркін ұйқаста да байқалады.

Тайыр Жароковтың өлеңдерінің ырғақтық құрылымы қазақтың ауызша поэзиялық дәстүрімен астасып жатады. Аллитерация мен ассонанс тәсілдері молынан ұшырасады, бұл оның өлеңдеріне ерекше әуенділік береді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ақын өлеңдерінде буын және бунақ саны тұрақты жүйеге негізделген. Интонациялық тұрғыдан ал-

ғанда, өлеңдерінде дауыс ырғағы бірде артып, бірде бәсеңдейді, бұл өз кезегінде шығармадағы эмоциялық әсерді күшейтеді. Сонымен қатар логикалық құрылымдар мен синтаксистік құрылымдардың үйлесімі қолданылуы ақын өлеңдерінің поэтикалық мәнін арттыра түседі.

Зерттеу ҚР ҒЖБМ ҒК Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 2023-2025 жылға арналған «Мәдениетаралық коммуникация құралы ретіндегі Қазақ тілінің ұлттық корпусын (ҚТҰК) жетілдіру және оның ішкорпустарын кеңейту» (ЖТН:BR21882249) бағдарламалық-нысаналы зерттеу аясында жазылды.

References

- Akhmetov, Z. (1973). *Olang sozdning teoriyasi* [Theory of the Poem]. Almaty. School.
- Amanbayeva, A.Zh., Zhumabayeva, Zh.T. (2019). Gylimi diskurstaǵy orfoepijalyq zhane prosodikalyq erekshelekter [Orthoepic and Prosodic Features in Scientific Discourse]. *QazUU Habarshysy. Filologia serijasy* [Eurasian Journal of Philology Science and Education], Vol. 3 (175), P. 76-81. <https://doi.org/10.26577/EJPh-2019-3-ph11>
- Ayazbekova, K., Zaurbekova, G., Tatiyeva, S., Kazezova, A. (2024). Abay olengderi negizinde poetikalyq korpus qzirleu [Developing a Poetic Corpus Based on Abai's Poems]. *QazUU Khabarshysy. Folologiya seriyasy* [Eurasian Journal of Philology Science and Education], Vol. 3 (195), P. 35-43. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph04>
- Baitursynov, A. (1992). *Til tagylimy* [Language Lessons]. Almaty. Ana tili.
- Bazarbaeva, Z.M. (2022a). *Qazaq fonologijasynyng negizderi* [Fundamentals of Kazakh Phonology]. Almaty. Jeverest.
- Bazarbayeva, Z. (2022). *Intnologiya* [Intonology]. Almaty. Everest.
- Clarín-DK. [Electronic resource]. URL: <https://repository.clarin.dk/repository/> (Date of use: 12.03/2025)
- Finnish Corpus. [Electronic resource]. URL: <https://www.kielipankki.fi/corpora/finnish-corpus> (Date of use: 12.03/2025)
- Gutenberg English Poetry Corpus. [Electronic resource]. URL: <https://github.com/aparrish/gutenberg-poetry-corpus> (Date of use: 12.03/2025)
- Karagoishieva, D.A., Zhanabekova, M.Zh., Aitmukhanbetova, A.S. (2016). Investigation of the pitch accent of declarative statements of the kazakh language (on the basis of Praat programme). *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, Vol. 160(2), P. 148-152.
- Momyanova, B.Q., Anesova, U.G. (2023). Kórkem máttinníń lingvistikalıq poétikasy: kompozittik deńgei (jazýshy Álibek Asqarovtyń shyǵarmasy boıynsha) [Linguistic Poetics of the Literary Text: Composite Level (based on the works of Alibek Asqarov)]. *TILTANYM*, Vol. 3, P. 103-111. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-103-111>
- Pirmanova, K., Zhanabekova, A., Barmenkulova, A. (2022). Ulttyq korpuslarga negizdelgen lingvistikalıq zertteuler jurgizu (qazaq, orys, agylshyn tili materialdary negizinde) [Conducting linguistic research based on national corps (based on the materials of the Kazakh, Russian, English languages)]. *QazUU Khabarshysy. Folologiya seriyasy* [Eurasian Journal of Philology Science and Education], Vol. 3 (187), P. 83-93. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v187.i3.09>
- Qazaq Tilining ulttyq korpusy [National Corpus of the Kazakh Language]. [Electronic resource]. URL: <https://qazcorpus.kz> (Date of use: 12.03/2025)
- Ualı, N. (2007). *Qazaq sóz mádenietiniń teorijalyq negizderi* [Theoretical Foundations of Kazakh Speech Culture]. Almaty.
- Zarokov, T. (1960). *Óleńder jınaǵy. 1 kitap* [Collection of Poems. Book 1]. Almaty: Kórkem ádebiyet.
- Zhanabekova, A., Karshygaeva, A. (2019). Qazaq tiliniń máttinder korpusyndaǵy fonetikalıq belgilenimler ázirlemesi [Development of Phonetic Markup in the Corpus of the Kazakh Language]. *TILTANYM*, Vol. 1, P. 60-64.

Авторлар туралы мәлімет:

Қаршыгаева Айнұр (корреспондент-автор) – филология ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкер, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kar_ainur@mail.ru);

Егизбаева Назыкен – филология ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкер, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nazyken.egizbayeva@gmail.com);

Оспангазиева Назгүл – аға ғылыми қызметкер, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nb_ospangazievan@inbox.ru).

Information about authors:

Karshigayeva Ainur (corresponding author) – Candidate of Philological Sciences, senior researcher, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty, e-mail: kar_ainur@mail.ru);

Egizbayeva Nazyken – Candidate of Philological Sciences, senior researcher, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty, e-mail: nazyken.egizbayeva@gmail.com);

Ospangaziyeva Nazgul – senior researcher, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty, e-mail: nb_ospangazievan@inbox.ru).

Сведения об авторах:

Қаршиғаева Айнур (корреспондент-автор) – кандидат филологических наук, старший научный сотрудник, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы (Алматы, Казахстан, e-mail: kar_ainur@mail.ru);

Егизбаева Назыкен – кандидат филологических наук, старший научный сотрудник, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы (Алматы, Казахстан, e-mail: nazyken.egizbayeva@gmail.com);

Оспангазиева Назгуль – старший научный сотрудник, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы (Алматы, Казахстан, e-mail: nb_ospangazievan@inbox.ru).

*Келіп түсті: 6 шілде 2025 жыл
Қабылданды: 26 қыркүйек 2025 жыл*